

«С.Ешбаев атындағы орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесінің шешім хаттамасы.

Жаңатаң ауылы **5 қыркүйек 2023 жыл**

Өткен уақыты: 15<sup>30</sup>

Өткен орыны: **С.Ешбаев атындағы орта мектебі, қазақ тілі кабинеті**

### **Күн тәртібінде:**

1. «Мектепке жол» Республикалық акциясы әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер, оларды тағайындау туралы.
2. Мектептің 2023-2024 жаңа оқу жылына дайындығы, мектептің жылдық жоспарын қарау.

Тыңдалды:

1. **Мектеп директоры: Н.К Дауылбаева** өз кезегіне сөз алып мектепке жол акциясы кезінде оқушыларға заттай оқу-құралдарға демеушілік жасауды бір ауыздан ұйымдастырайық деді. Сонымен қатар мектептің 96 оқушысының ішінен жағдайы төмен, табысы аз отбасылардың балаларын ұсыну керек.
2. **Әлеуметтік педагог: Сагилашева Г.Н.** өз кезегіне сөз алып «Мектеп жол акциясы» барша елімізде болып жатқан акция деді. Мектебіміздің мұғалімдері арасында жылма-жыл қаржылай жинақталынып, жинақталған қаражат комиссияның құрамының шешімімен бақыланып, заттай оқу-құрал жабдықтар сатып алынып, оқушыларға таратылып жүрді. Биылғы оқу жылында да осы үрдісті жалғастырсақ дегім келеді. Мектепке жол акциясына Наримановтар, Кенжебаевтар, Берекетовтер отбасының балалары толықтай ілігеді деп ойлаймын.
3. **Қамқоршылық кеңесінің мүшесі- Қалқасева У.Т** өзіне сөз алып Әлеуметтік педагог Сагилашева Гулгулдің айтқандарына қосыламын. Осы аты аталған отбасылардың балалары толықтай осы акцияға қатысуы тиіс. Бұл отбасылардың ата-аналары жұмыссыз, әкелері арасында уақытша жұмыстарға барады, онда да бұл жұмыстар болса, шақырса барады. Сонымен қатар бұл отбасылар көп балалы деп өз сөзін аяқтады.
4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Оразғалиев Мейрамбек өзіне сөз алып күн тәртібіндегі 2-ші мәселеге тоқталы. С.Ешбаев атындағы орта мектебінің директоры Дауылбаева Нургулден мектептің жылдық жоспарын қарап шықтым, сонымен қатар мектептің алдағы оқу жылына дайындық жұмыстарының толық екеінін көрдім. Айтар сыным жоқ. Осы тыянақты бағыттан таймай жұмыс жасай берулеріңізге тілектестік білдіремін деп өз сөзін

аяқтады. Ал күн тәртібіндегі бірінші мәселе мектепке жол акциясы бойынша аты аталған отбасылардың балалары тартылса қарсы емеспін. Ауылдағы саусақпен санарлықтай отбасы тұрады. Қай отбасының қалай күн көріп, қалай тұрып жатқанын білеміз. Бұл отбасылардың ата-аналары жұмыссыз, айтарлықтай ауылда тұрғанымен малдары да жоқ деді. Өзім осы отбасылардың ішінен бір отбасының балаларына заттай оқу-құралдарын алып беруге уәде берейін. Белгілеген уақыт аралығында өз қолыммен әкеліп табыстап кетемін деп сөзін аяқтады.

Дауыс беру:

Қолдаймын-9










Қарсы-жоқ

Қалыс қалған-жоқ

Шешім:

1. Мектепке жол акциясы бойынша жиналған қаражат және заттай оқу-құралдары комиссияның бақылауында болсын, жұмыстарды жүргізілуі қадағалансын.
2. Мектептің оқуға дайындығы мен оқу жылына арналған жылдық жоспары бақылауға алынсын.

Хатшы:

- |                                     |   |                 |
|-------------------------------------|---|-----------------|
| 1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы:   |  | Г.Т. Куатова    |
| 2. Комиссия мүшесі:                 |  | М.А. Оразғалиев |
| 3. Комиссия мүшесі:                 |  | Е.Т. Жексенбаев |
| 4. Ақсақалдар алқасының мүшесі:     |  | Г.Ж. Курамысова |
| 5. Комиссия мүшесі:                 |  | Қ. Бәйдіров     |
| 6. Қайырымдылық жасаушы:            |  | М.Н. Карманов   |
| 7. Ата-аналар комитетінің төрайымы: |  | С.К. Сарсекенов |
| 8. Ата-ана:                         |  | А.Т. Әбілқайыр  |
| 9. Комиссия мүшесі:                 |  | И.А. Бекенова   |
|                                     |   | Ү. Қалқаева     |